

29 Қараша
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫ САЛТАНАТТЫ ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІ ӨТТІ



Тәуелсіздік сарайында өткен сенбі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімі өтті. Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына әкелінген соң Қазақстан Республикасының Президенті келіп, мінберге көтерілді. Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа ант берді: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін!» Сайланған Қазақстан Президентінің қызметке кірісу құрметіне орай Мемлекеттік әнұран ойналып, 21 рет зеңбіректерден оқ атылды.

Ал «Ақорда» резиденциясының үстінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды. Мемлекет басшысы салтанатты ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде өзіне зор сенім арқан барша отандасына алғыс айтты. – Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ер азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік. Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және көлешек ұрпақтың алдындағы борышымызды өтуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыздың сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз.

Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бауатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент алдағы қызметінің бірқатар негізгі бағытын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономиканы құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыра беретінін жеткізді. Саяси жаңғыру үдерісі жоспарлы түрде жалғасады. Ұлықтау рәсіміне Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұр-

сұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, Үкімет мүшелері, Жоғарғы сот судьялары, Конституциялық Кеңестің мүшелері, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің өкілдері, орталық мемлекеттік басқару органдарының басшылары, Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, діни конфессия өкілдері, облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, президенттікке үміткер болғандар, саяси партиялардың басшылығы, Республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, іскер топтар өкілдері, көрнекті ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

AKORDA.KZ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛЫҚТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті Отандастар!
Ханымдар мен мырзалар!
Қадірлі қоңақтар!
Биыл халқымыз үшін айрықша маңызды жыл болды. Қазақстан замудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біз түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістер жасадық. Конституциялық реформаны жүзеге асырдық. Мемлекетіміздің ең басты салаларын жан-жақты жаңғырттық. Соның арқасында халықтың болашаққа деген үміті артып, сенімі нығая түсті. Мен аймақтарды аралап, тұрғындармен кездескенде бұған айқын көз жеткіздім. Сондай-ақ өткен референдум тың бастамаларды жұртымыздың жаппай қолдайты-

нын көрсетті. Халықтың дұрыс бағыттағы өзгеріске ұмтылысы жұмысқа зор серпін берді. Біз реформаларды соңына дейін міндетті түрде жеткізуіміз қажет. Конституцияның жаңа талабына сәйкес бұдан былай Президент жеті жылдық бір мерзімге ғана сайланады. Осылайша, саясаткерлердің жаңа буыны билік басына келе бастайды. Мен осы шешімнің дұрыс болғанына көміл сенемін. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылады. Осындай жаңа саяси маусымды Президент сайлауы бастап берді. Сайлау науқаны 3 айға жуық уақытқа созылды. Осы кезеңде

еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар болды. Жұртымыз өз болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Азаматтық қоғамның кемел институтқа айналғаны айқын аңғарылды. Саяси алаңға жаңа тұлғалар шықты. Осылайша, халқымыз 20 қарашада өз таңдауын жасады. Сайлау әділ әрі ашық өтті. Бұл – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті.

Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және өркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік. Бірлігіміздің бекемдігін тағы да дәлелдей алдық. Осы сайлауда жұртымыз маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – байқаушылардың, сарапшылар мен журналистердің берген бағасы. Ел-жұрттың белсенділігі ерекше жоғары болды. Кейбір азаматтар бүкіл отбасымен келіп, дауыс берді. Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті.

(Жалғасы 2-ші бетте)

«ҚЫС-2022» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ - ШТАБТЫҚ ОҚУ - ЖАТТЫҒУЫ ӨТТІ

Өткен сәрсенбі күні ауданда «Қыс – 2022» республикалық командалық - штабтық оқу-жаттығуы өтті. Ең алдымен аудан әкімдігінің мәжіліс залында Азаматтық қорғау қызметі құрылған мекеме қызметкерлеріне төтенше жағдайлар орын алған кезде атқарылуға тиіс іс-шаралар пысықталды. Жиынға Азаматтық қорғау қызметі құрылған мемлекеттік мекеме басшылары мен аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатысты. Әрі қарай Ақтөбе-Ойыл-Шұбарқұдық тас жолының тоғысқан жеріндегі алаңға арнайы техникалар мен құтқарушы топтар жиналып, саптық қарауы өткізіліп, күш-құрылымдардың дайындығы пысықталды. Саптық қарау өткізілгеннен кейін оқу-жаттығудың практикалық бөлігі өтті. Практикалық жаттығуды жүргізу барысында авариялық-құтқару қызметтері және азаматтық қорғау құралымдарының қысқы кезең жағдайларында авариялық-құтқару өзірлігі тексерілді. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев төтенше жағдайларға әрқаз дайын болу

керектігін айтып, құтқарушы топтардың дайындығын тексерді. Одан кейін оқу-жаттығу Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясында төтенше жағдай кезінде адамдар мен үй жануарларын қауіпсіз аймаққа көшіру, қабылдау және орналастыру бойынша тыңғылықты тәжірибесін көрсетті. Екі күн ішінде тіршілікті қамтамасыз ету нысандары мен жол қызметтерінің дайындығын тексеру мақсатында азаматтық қорғау қызметтерінің түрлі сипаттағы төтенше жағдайларға дайындығы мен іс жүзінде әрекет етулері пысықталды. Осылайша, аудандағы қыс мезгілінде төтенше жағдайлардың алдын алу, төтенше жағдай кезінде адам шығынын болдырмау және төтенше жағдайда ережеге сәйкес дер кезінде іс-қимыл атқаруды дұрыс ұйымдастыру мақсатында өткен оқу-жаттығу жұмыстары сала мамандарын бір пысықтаудан өткізді. Қорытындылай келгенде, аудан құтқарушылары қыстың қаһарына толық дайын екендіктерін дәлелдеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



САЙЛАУ- 2022

2022 ЖЫЛҒЫ 11 ЖЕЛТОҚСАНҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫ ШБЕРСІЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРҮГІ ӘКІМІНІң САЙЛАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОЙЫЛ АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ ӘКІМДІККЕ КАНДИДАТТАРҒА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІң МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28 бабының 3 тармағына сәйкес «Ойыл газеті» ЖШС әкімдікке кандидаттарға аудандық қоғамдық-саяси «Ойыл» газетінде баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары және тәртібі туралы хабарлайды: Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру ақ-қара түсті орындауда 1 шаршы см құны – 120 теңге.

Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны – 180 теңге. Сайлауалды үгіт материалдарын басылым сайтына орналастыру құны – 100 теңге.

Ауылдық округ әкімдігіне кандидаттың ұсынылатын мәтіндік, фото, т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына ие кандидаттың сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып та-

сталады. Сайлауалды үгіт материалдарын бетке орналастыру (беру тәсілі) редакцияның қарауы бойынша жүргізіледі.

Сайлауалды үгіт материалдарын берудің соңғы мерзімі 2022 жылдың 5 желтоқсан күнгі жергілікті уақытпен сағат 12.00-ге дейін деп белгіленеді.

Макет жасау мен баспа орнын ұсыну үшін 100 пайыздық алдын-ала төлем жасалады.

Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру «Сайлау-2022» белгісімен (бұл белгі жарнамаланатын материалдың кеңістігіне орналасуы тиіс) қоса ұсынылады. Сайлауалды үгіт материалы оны қаржыландыру көзі туралы ақпаратпен қоса беріледі.

Форс-мажорлық жағдайлар Қазақстан Республикасының жалпы белгіленген қолданыстағы заңдарымен анықталады.

Р.С. ОСЫ ШАРТТАРҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТҮСІНДІРМЕЛЕРІНЕ СӨЙКЕС ҚОСЫМШАЛАР, ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛУІ МҮМКІН.

«ОЙЫЛ ГАЗЕТІ» ЖШС

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛЫҚТАҰ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымызды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін.

Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыз сенімі — маған аманат. Осы аманатқа адал болу — мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын.

Сайлауға қатысқан барша жұртқа ризашылығымды білдіремін. Науқанға атсалысқан қауымға, байқаушылар мен журналистерге зор алғыс айтамын. Президенттікке кандидаттарға да құрметімді білдіремін. Сайлауда саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар маңызды сәтте жұдырықтай жұмыла алатынын көрсетті. Осы ретте мені президенттікке ортақ кандидат ретінде ұсынған халық коалициясы мүшелеріне рахметімді айтқым келеді.

Мен өзіме дауыс берген азаматтардың ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының алдында есеп беретін болдым. Қазақта «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң» деген сөз бар. Бұл — бұлжытпай ұстанатын өмірлік қағидатым. Мен бүгін көк туды сүйіп, дана халқымың алдында бас иідім. Азаттық жолында құрбан болған бабалар рухына тағзым еттім. Елімінің арман-мұратына өмірбақи адал болуға серт бердім. Ешқашан адалдықтан аттамауға және ел мүддесіне қиянат жасамауға ант еттім. Ата заңға қолымды қойып, оның әр сөзін мүлтіксіз орындаймын. Халқымының алдындағы осы аным алдағы қызметімде Мен үшін айнаымас темірқазық болады.

Құрметті отандастар! Өткен Президент сайлауы нағыз патриоттық шара болды. Сайлау азаматтарымыздың ел тағдырына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Бұл әділдік идеясының және халықтың ерік-жігерінің салтанат құрғанын, елімізді жан-жақты жаңғырту үдерісі басталғанын білдіреді.

Сайлау Қазақстандағы электоралды процестің ашықтығы мен еділдігін жаңа деңгейге көтерді. Сондай-ақ біздің қоғамның саяси мәдениеті мен кемелдік дәрежесі жоғары екенін танытты. Халық сайлау учаскелерінде алдағы жеті жылға арналған мемлекетті дамыту бағдарламасына оң баға берді. Маған сенім артқан барша отандасыма шексіз ризашылығымды білдіремін. Президент лауазымында елімізге адал қызмет етуге дайынмын. Бұл — зор абырой әрі үлкен жауапкершілік. Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Алдағы жеті жылда халықтың зор сенімін ақтау үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Енді біздің ортақ мақсатымыз — заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру. Қоғамды трансформациялап, Қазақстанды шынайы демократиялық институттары дамыған елге айналдыру үшін ауқымды жұмыс атқаруымыз керек. Сонда ғана ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, қастерлі тәуелсіздігімізді нығайтамыз.

Қазір біз осы қиын-қыстау жолдың басында тұрмыз. Алдымызда атқаратын жұмыс көп. Әрбір азамат елдің болашағы үшін өз жауапкершілігін сезінуге тиіс. Мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты — білім беру ісінен бастап индустриаландыруға дейін қоғамның барлық саласын жаңғырту. Еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық өсімінің негізін жаңа технологиялар, жоғары өңбек өнімділігі, азаматтардың шығармашылық бастамалары құрайды.

Басты міндет — іскер азаматтарымыздың кәсіпкерлік рухына зиянын тигізетін жасанды кедергілер мен шектеулердің бәрін жою. Кәсіпкерлер бизнеске жүргізілетін себепсіз тексерулерді біржолата ұмытуы қажет. Олар тек салық органдарының алдында ғана есеп береді. Мемлекет пен бизнес — сенімді серіктестер. Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіретіндердің бәрі заңға сәйкес қатаң жауапқа тартылады.

Біз ауқымды индустриаландыруды, инфрақұрылымдарды салуды және жаңғыртуды қолға аламыз. Кең байтақ еліміздің әр өңірінің дамуына тың серпін беру маңызды. Шынайы заң үстемдігін қамтамасыз етпей, әділетті әрі нарықтық экономи-

каны құру, жеке меншікті қорғау, бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін емес. Сондықтан заң алдында бәрінің тең болуы — мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуының негізгі шарты. Барлық мәселе, әсіресе түйінді және даулы проблемалар конструктивті диалог арқылы, ең алдымен, Парламентте шешілуге тиіс. Алдағы Сенат және Мәжіліс сайлауы осы мүмкіндікті береді. Біз «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын қатаң сақтауымыз керек. Біз «бірлігіміз — әралуандықта» формуласында көрініс тапқан халқымыздың тарихи жетістіктерін жан-жақты еселеуге тиіспіз. Қоғамда араздық туғызатын және ұлттың бірлігін бұзатын, түптеп келгенде, мемлекетімізге қарсы бағытталған арандатушылық әрекеттерге қатаң тосқауыл қойылады.

Біз халықтың тілегі мен заман талабына сай тиімді мемлекет құруға міндеттіміз. Бұл — маңызы тарихи міндет. Мемлекеттік қызметке нақты сектордан меритократия және ашық бәсекелестік қағидаттарына сай іріктеуден өткен жаңа басқарушы азаматтарды аламыз. Президенттік кадр резервінің мүшелерін белсенді түрде тартамыз. Біздің басты байлағымыз — адам. Сондықтан азаматтардың игілігі үшін барлық жағдайды жасау аса маңызды. Еліміз даму жолында, негізінен, өз күшіне сенеді. Сонымен қатар шетелден тікелей инвестиция тарта отырып, түрлі саладағы халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытады.

Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және конструктивті сыртқы саясатын жүзеге асыруды жалғастырады. Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен, интеграциялық бірлестіктер жөніндегі серіктестермен арадағы өзара тиімді ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік мәселелері басты назарда болады. АҚШ-пен, Еуропалық Одақпен, Азия, Таяу Шығыс және Кавказ мемлекеттерімен, сондай-ақ басқа мүдделі елдердің барлығымен көпжақты ынтымақтастықты дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Қазақстан қазіргі халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысын берік ұстанатын ел болып қала береді.

Қымбатты отандастар! Біз әділетті мемлекет, әділетті экономика және әділетті қоғам құрамыз. Осы қағидаттар менің сайлау алдындағы тұғырнамамда нақты көрініс тапты. Мен оның әр сөзіне, әр сөйлеміне терең мән бердім. Сайлауалды бағдарламам — бұл ұзақ ойтолғау мен ізденістің нәтижесі. Мен оның әр сөзіне, әр сөйлеміне терең мән бердім. Сайлауалды бағдарламам — бұл ұзақ ойтолғау мен ізденістің нәтижесі. Мен оның әр сөзіне, әр сөйлеміне терең мән бердім. Сайлауалды бағдарламам — бұл ұзақ ойтолғау мен ізденістің нәтижесі.

Қазір — сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аянбай еңбек ететін кез. Сол себепті арқаны кенге салмай, бірден іске кірісуіміз керек, босаңсуға болмайды. Осы орайда ең алдымен, қолға алатын бірнеше мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Мен сайлауалды сөздерімде ауылды өркендету ісіне бас назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл — ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсартпа алмасақ — бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз.

Келесі маңызды бағыт. Біз әділдікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активті қайтаруға тиіспіз. Бұл үшін Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлей-

ді. Сонымен қатар заң жобасы әділетсіз баюға және активтерді заңсыз шығаруға ықпал ететін себептер мен шарттарды жоюға бағытталады. Қайтарылған барлық қаражат азаматтардың игілігіне жұмсалуда тиіс. Бұл қаржының жоғары технологиялы өндіріс орындарын ашуға, мектептер мен ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдалану керек. Тиісті Жарлыққа бұлған қол қоямын. Жақын арада ауқатты кәсіпкерлер халықтың игілігі үшін өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін жандандырады деп ойлаймын.

Мемлекеттік құрылыста біз «күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласын нақты ұстанамыз. Президент сайлауы биліктің барлық негізгі институтын дәйекті түрде жаңғырту үдерісін бастауға жол ашты. Сайлау ауқымды электоралды циклдің бастапқы кезеңі болды. Біз саяси жаңғыру үдерісін жоспарлы түрде жалғастырамыз. Бүгін мен «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қоямын. Осылайша, жоғарғы палата депутаттарының кезекті сайлауы конституциялық реформаны нақты жүзеге асырудың жалғасы болмақ. Сайлау қорытындысы бойынша Сенаттың депутаттық корпусының бір бөлігі бәсекелестік және ашықтық қағидаттары негізінде жаңарады.

Бұдан бөлек, бүгін мен конституциялық реформаны жүзеге асырудың келесі сатысы ретінде «Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасының кейбір мәселелері туралы» Жарлыққа қол қоямын. Келесі кезең — оны толыққанды трансформациялау. Басқа маңызды әрі өзекті мәселелер бойынша шешімдерді кейінірек жариялаймын. Тағы да қайталап айтаймын, алда атқаратын шаруа көп. Бұл — жеңіл жұмыс емес, бірақ елге пайдасы тиетін қызмет. Мен бүкіл мемлекеттік аппараттан осы міндетті абыроймен орындауды талап етемін.

Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар. Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар. Қолынан іс келетін және елге беріле қызмет жасайтын азаматтарға ғана ортамызда орын бар.

Ел мүддесі — бәрінен биік. Мен барлық мемлекеттік қызметшіден өз жұмысын адал атқаруды талап етемін. Бір сөзбен айтсам, кәсібилік, адалдық және қарапайымдылық біздің басты қағидаттарымыз болуға тиіс. Қоғамда жаңа құндылықтар орнықтырып, жақсы бастамаларға қолдау білдіріп, үлкен үміт күтіп отырғанын білемін.

Тұғырнаманың әрбір тармағы толық орындалуға тиіс. Мен ол үшін барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Осыған байланысты арнайы Жарлыққа қол қоямын. Бұл Жарлық нақты іс-шаралардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бағдарламаның мүлтіксіз орындалуын жеке бақылауымыз аламын.

Қазір — сайлаудағы жеңісті тойлайтын кез емес, аянбай еңбек ететін кез. Сол себепті арқаны кенге салмай, бірден іске кірісуіміз керек, босаңсуға болмайды. Осы орайда ең алдымен, қолға алатын бірнеше мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Мен сайлауалды сөздерімде ауылды өркендету ісіне бас назар аудардым. Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл — ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсартпа алмасақ — бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз.

Келесі маңызды бағыт. Біз әділдікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активті қайтаруға тиіспіз. Бұл үшін Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлей-

азаматтарға айналуы керек. Осы кәсіп иелері тиісті құрмет пен сыйға ие болғанда ғана, қоғамымыз шынымен жаңарды деп айта аламыз.

Көпшілік қазіргі уақытта нағыз батырлардың жетіспейтінін айтады. Бірақ нағыз қаһармандар жұрттың назарынан тыс жерде. Олар біздің арамызда. Батырлар күн сайын зауыт станогында жұмыс істейді, қоғамдық көлік жүргізеді, ұшақ штурвалына отырады, құтқарушының қорғаныс киімін киеді, науқасқа жедел жәрдем беруге асығады, әскери техниканы меңгереді. Нағыз батырлар балаларымыз бен қарт ата-аналарымыздың дастарханы ас-ауқатқа толы болуы үшін ауылда таңмен таласа оянады. Біздің батырлар — өзінің жеке кәсібін бастайтын, жұмыс орындарын ашатын, қызметкерлері мен олардың отбасыларына жаңа мүмкіндіктер тудыратын кәсіпкерлер. Біздің батырлар — өзінің махаббаты мен күш-қуатын, тәжірибесі мен білімін, мүлкі мен қаражатын қоғамға риясыз ұсынатын еріктілер мен игі іс жасайтындар. Олардың барлығы — халықтың мақтанышы әрі үміті. Міне, осындай еңбек адамдары — еліміз бен мемлекетіміздің тірегі.

Біз өркениеттің алғы шебіндегі мемлекетке айналу үшін тек үйренетін емес, өзгеге үйрететін ұлтқа айналуымыз қажет. Сондай-ақ тек тұтынушы емес, жаңа дүниені өндіруші ұлт атануымыз керек. Оған халқымыздың әлеуеті, дарыны, қарым-қабілеті жетеді.

Мен біздің жастарымыздың ұшқыр және озық ойлы екенін мақтан етемін. Сол себепті Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» деген сөзін үнемі айтамын. Шын мәнінде, бәріміз жастарымызды қолдауымыз керек. Өйткені ескелең ұрпақ қана елімізді жарқын болашаққа бастайды. Бірақ жастар жетістікке жету үшін көп еңбектенуі керек. Жаңа білім алуға, тың тәжірибе жинауға ұмтылған жөн. Сонда жастарымыз өз кәсібінің хас шебері атанады. Әрдайым сұранысқа ие болады, қоғамда сыйлы болады. Міне, осылай өмір сүрген адам ешқашан, ештенбеден ұтылмайды. Қазіргі заман уақытты жылдамдастып, оқиғалар тізбегін қабаттастырады. Сөзіміз бен ісінміздің шынайы бағасын тарих таразысы қана береді. Ар-ұжданшымыздың тазалығы мен халқымыздың құрметі — бәріміз үшін үлкен сый.

Біз — рухани мұрасы бай, қарқынды даму әлеуеті зор, қуатты әрі өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын ұлтпыз. Шығыстың ұлы ұстазы Әл-Фараби адамдарды әділ болуға, ақиқатты сүюге, ар-намысты қастерлеуге, сабырлы болуға және қашан да білімге ұмтылуға үндеді. Мемлекеттілігіміздің дамуында қуатты серпіліс жасай алған ұрпақ ретінде тарихта қалуға зор мүмкіндігіміз бар екеніне сенімдімін. Елдің келешегі бізге, барлығымыздың қажырлы еңбегімізге байланысты.

Тәуелсіз елімізді қуатты мемлекет ретінде ұрпаққа аманаттау — біздің борышымыз. Алда талай сынақтар, күрделі кезеңдер болуы мүмкін. Дегенмен ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, алынбайтын асу жоқ.

Мен бүгін халқымың алдында тұрып, бастаған ісіміз берекелі болсын деп тілеймін. Қазақ — ырымшыл халық. Мен биыл қасиетті Меккеге барған кезде Қажба төрінде ата-баба рухына құран бағыштап, Алладан бір-ақ нәрсе сұрадым. Ол — елдің амандығы. Шын мәнінде, еліміз аман болса, жеріміз бүтін, бірлігіміз бекем, мемлекеттігіміз мәңгі болады.

Осы құндылықтарды мызғымастай етіп бекіту — қазақтың перзенті, Қазақстанның Президенті ретіндегі менің қасиетті парызым. Ашығын айтқанда, қызмет — уақытша, ал халық — мәңгі. Мен президентің миссиямды халқыммен бірге алдағы жеті жылда абыроймен атқарып шығамын деп сенемін. Біздің Отанымыз — бір, мемлекетіміз — бір, халқымыз — бір! Сондықтан әрқашан бірге болайық, ағайын! Еліміз өркендей берсін! Отанымыз — Қазақстан Республикасы жасасын! Халқымыз жасасын! Халқымыз әрқашан аман болсын! Тәуелсіз Қазақстанымыз жасасын!

AKORDA.KZ.

САЙЛАУ-2022

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫҢ ҰСЫНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАР

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясына :

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімдігіне:

«AMANAT» партиясынан ұсынылған бір кандидаттан (Шауменов Нұрлыбек Сағынғановичтен) 22.11.2022 ж.

Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған екі кандидаттан (Амангосов Артур Сарсенбаевичтен және Кереев Әсет Сәкенұлынан) 22.11.2022 ж. құжаттар келіп түсті.

Өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған бір кандидаттан (Оразғалиев Едіге Утемисовичтен) 24.11.2022 ж. құжаттар келіп түсті.

Қазіргі уақытта кандидаттардың сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларға сәйкестігін анықтау жүргізілуде.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ОЙЫЛ АУДАНЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 11 ЖЕЛТОҚСАН

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2022 жылғы 11 желтоқсанға тағайындалған Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің сайлауында округ сайлаушыларының дауыс беруі жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-де басталып, 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

№/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және басшысының телефоны
1	№396	Құмжарған ауылы, Ш.Берсиев көшесі 2, «Соркөл орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-249
2	№397	Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 39, Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапхана ғимараты, телефон: 8 (71332) 37-5-35
3	№398	Қарасу ауылы, Ш.Берсиев көшесі 5, «Құрманов баспауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92

“ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ” ЗАҢ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Мемлекет басшысымен ағымдағы жылдың 5 қарашасы күні Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Конститу-

циялық заңына қол қойылды. Заңның негізгі мақсаты - азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, прокуратураның құқық қорғау қызметін күшейту, елдегі жоғары қадағалау мен заңдылық құралдарын нығайту.

Конституциялық заңда жоғары қадағалаудың үш нысаны бекітілген — бұл тексерулер жүргізу, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау. Бұл заңда, Республиканың Бас Прокурорына азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында халықаралық шарттар ратификациядан өткенге дейін олардың, ҚР нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін қарау, сондай-ақ негізгі заң нормаларына ресми түсініктеме беру үшін Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы берілді. Бұл норма, прокуратураның заңсыз құқықтық актілерге наразылық білдіру және оларды жалпы юрисдикция соттарында сот тәртібімен жою жөніндегі өкілеттіктерімен қатар азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтеді.

Екінші өзгеріс, хабар түскен кезде прокурорға қойылатын жаңа талап халықтың проблемаларын шұғыл шешу болады. Бұрынғы тәжірибеге сәйкес келген шағымдар мені бойынша қарау үшін үкілетті мемлекеттік органдарға жолданған болатын, бұл шектеулер азаматтардың негізгі ынтымағымызды сақтай білсек, алынбайтын асу жоқ.

Енді заңда прокуратура органдары қарайтын өтініштердің тізімі кеңейтілді, солардың ішінде: мемлекеттік орган шағымдарға әрекетсіздік жасаған не үкілетті орган болмаған жағдайда немесе мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласу фактілері бойынша прокуратура ден қоюға және тиісті шаралар қолдануға міндетті болады. Сонымен бірге, прокуратура шешімдеріне шағымдану тәртібі қадағалау органынан өтініш берушіге шағымдану құқығын түсіндіре отырып, негізделген және дәлелді жауап беруді талап ететін нормамен толықтырылды.

Атап айтқанда, прокуратура шешімдеріне шағымданудың үш айлық мерзімі азаматтарға қабылданған шешім туралы белгілі болған күннен бастап есептеледі. Бұл нақтылау азаматтарға шағымдану мерзімін өткізіп алмауға мүмкіндік береді.

Конституциялық заңның тағы бір

Ойыл ауданының прокуратурасы

ерекшелігі адам құқықтары жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл туралы норма бекітілген, ол да конституциялық мәртебеге ие.

Айта кету қажет, Прокуратура адам құқықтары жөніндегі уәкілдер адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі өз міндеттерін атқару кезінде ынтымақтастық және қолдау көрсету және жәрдемдесу құқығына ие.

Сондай-ақ, егерде, осыған дейінгі заңнамада заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға үндеу жасауға Бас Прокурор және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлары құқылы болса, қазіргі таңда, бұндай құқықтар көрсетілген тұлғалардан басқа, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың прокурорларында, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының басшыларында, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорларында бар.

Бұдан басқа, бүгінгі заңнамада Заңды бұзуға жол берілмейтін туралы түсіндіру жүргізу қарастырылған, яғни құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде прокурор жеке тұлғаларға және заңды тұлғалардың өкілдеріне Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға жол берілмейтін туралы жазбаша немесе ауызша нысанда түсіндіреді және оларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылық туралы ескертеді. Бұған қоса, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіру туралы норма енгізілді. Құқықтық коллизияларды болдырмау, заң нормаларын Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында редакциялық, нақтылаушы сипаттағы түзетулер енгізілді.

Конституциялық заң прокуратураның азаматтардың құқықтарын қорғау және заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі қызметін одан әрі жетілдірудің бастапқы нүктесі болады.

2022 ЖЫЛДЫҢ 11 ЖЕЛТОҚСАНҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
1	Ш.Берсиев	Қаратал ауылы, Берсиев ауылдық клубы, Ш.Берсиев көшесі №21
2		Құмжарған ауылы, Құмжарған ауылдық клубы, Бекет ата көшесі №23
3		Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, А.Жұбанов көшесі № 5

2022 ЖЫЛДЫҢ 11 ЖЕЛТОҚСАНҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Қаратал ауылы	Ж.Жүсібәлиев көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ш.Берсиев атындағы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
2	Қарасу ауылы	Ахмет Жұбанов көшесі (“Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Қарасу медициналық пункті ғимаратының сол жағында)
3	Құмжарған ауылы	Бекет ата көшесі (“Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Ойыл аудандық мәдениет үйі” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Құмжарған ауылдық клубы ғимаратының оң жағында)

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ЖӘНЕ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді сыбайлас жемқорлық қылмыс туралы ақпаратты eGov.kz порталы мен eGov mobile мобильді қосымшасынан алуға болады. Қызмет онлайн режимінде қолжетімді және тегін көрсетіледі. Жаңа қызметтің көмегімен: -азаматтық қызметке кіру кезінде; -квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық қылмыстың болуы немесе болмауы туралы мәліметтер алуға болады. Бұған дейін мәліметтерді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті және оның өңірлік басқармалары азаматтардың жеке өтініштері бойынша «E-otinish» азаматтардың өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы алуға болатын. Мәліметтер жұмыс берушіге ұсынылғаннан кейін, жұмысқа қабылдау туралы шешімді жұмыс беруші қабылдайды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуына жол берілмейді. Бұл жаңартулар Қазақстан Республикасы Президентінің бю-

рократиядан арылту туралы Жарлығы шеңберінде жүзеге асырылғанын атап өткен жөн, оның маңыздылығы - мемлекеттік басқарудың барлық салаларын цифрлық трансформациялау және жүйелі реинжинирингтеу. «Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау туралы мәліметтер мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік сектордың болашақ қызметкерлері үшін қажет. Қолайлы болу, уақытты үнемдеу үшін, мемлекеттік органдармен бірлесіп, оны онлайн форматқа ауыстырдық. Сонымен қатар, бұл қызмет түрі танымал, іске қосылған сәттен бастап 98 мыңнан аса адам мәлімет алды. Сонымен қоса, жақын арада біз қызметті үшінші тұлғалардың сервисі арқылы іске қосамыз», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин. eGov.kz порталында жаңа қызметті алу үшін пайдаланушылар:

- порталда авторизациядан өтуі қажет;
- басты бетте «Азаматтарға» - «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту»
- «Жұмысқа орналастыру және жұмыс іздеу» бөлімін таңдау қажет;

- «Адамның сыбайлас жемқорлық қылмысы туралы мәліметтер беру» қызметін таңдап, «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басу қажет;
- қызметке ЭЦҚ қою және алу. Қызмет көрсету мерзімі: - 10 минут;
- қосымша тексеру қажет болған жағдайда – 5 жұмыс күні;
- қосымша тексеру жүргізілген жағдайда, 3 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші сұрау салуды алған сәттен бастап 20 жұмыс күні өткен соң қайта өтініш беру қажеттігі туралы аралық жауап жолданады.

Қызмет көрсету нәтижесі Хабарлама болып табылады, жеке кабинетте «Қызметтер тарихы» бөлімінде түпкілікті процестің шешім қабылданбаған сыбайлас жемқорлық баптары бойынша қозғалған қылмыстың істің болуы не болмауы туралы мәліметтер болады. Бұл ретте аталған қызмет түрі eGovmobile мобильді қосымшасының «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөлімінде қолжетімді. Мәліметтер eGov mobile-ге Хабарландырулар бөліміне жіберіледі.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ТҮСКЕН ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ (5 ҚАЗАННАН 9 ҚАРАШАҒА ДЕЙІН)

№	Ұсыныстар/ескертүлер	Орындау мерзімі	Жауапты (Т.А.Ә. ММ басшысы, а.о. өкімі)	Бақылаушы (Т.А.Ә. аудан өкімі орынбасары)
1	Қараой ауылдық амбулаториясынан дәріхана ашу.	2022 жылдың аяғына дейін	С.Нұрбаев А.Сұлтанов	М.Айдарбаев
2	Ойыл-Қараой тас жолының су шайып кеткен жерлерін қалыпқа келтіру.	2022 жылдың аяғына дейін	А.Сұлтанов	С.Сүлейменов
3	Шикұдық, Ақкемер клубтарына жаңа орындықтар алу.	2022 жылдың аяғына дейін	Н.Атағалиев М.Тәжіғалиев	М.Айдарбаев
4	Кемер ауылының шет жағынан ұңғыма құдық қазу.	2023 жылдың I-ші жарты жылдығына дейін	М.Тәжіғалиев	С.Сүлейменов
5	Кемер ауылы көшелерін құм басудан қорғауға шаралар қабылдау.	2022 жылдың аяғына дейін	М.Тәжіғалиев	С.Сүлейменов
6	Көсембай ауылы көшелерін жарықтандыру.	2023 жылдың I-ші жарты жылдығына дейін	Ы.Қосдаулетов	С.Сүлейменов
7	Көсембай ауылының кіреберіс жолына су ағар құбыр салу.	2022 жылдың аяғына дейін	Ы.Қосдаулетов	С.Сүлейменов
8	Көптоғай ауылы көшелерінің істен шыққан жарық лампаларын ауыстыру.	2022 жылдың аяғына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
9	Көптоғай ауылдық округі Қарасу ауылына уақытша пайдалануға бейімделген көпір салу.	2022 жылдың аяғына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
10	Қарасу, Шұбарши ауылдарындағы ауыз су құбырларын тұрғындардың үйлеріне тартуды аяқтау.	2022 жылдың аяғына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Мемлекеттік қызметші қандай болуы керек? Осы сауал бүгінде күн тәртібінде жиі қойылып, жан-жақты талқыланатын мәселеге айналды. Оның өзіндік себебі де бар. Өйткені, халықпен тікелей байланысатын, көпшіліктің көңілін күпті еткен түйінді мәселелерді шешуде бірден-бір өкілетті тұлғаға қойылатын талаптар уақыт ағымына сай жаңа сатыға көтерілді. Еліміздің кез келген саласында жүрген жастар үшін түрлі мүмкіндіктер жасалып жатыр. «Мансап» мемлекеттік қызмет мектебі де мемлекеттік қызметке келемін деген жастар үшін таптырмас мүмкіндік.

«Мансап» мектебі Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өңірлік департаментінің бастамасымен 2016 жылы ашылған болатын. Мектептің мақсаты - дарынды жастарды мемлекеттік қызметке тарту, заман талабына сай тәжірибелік дағдыларды студенттердің бойына сіңіру, білікті көшбасыларды тәрбиелеп, сыбай-

лас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру. Бүгінгі күні мектепті 111 студент бітіріп, олардың бірқатары мемлекеттік қызметтің түрлі саласында еңбек етіп жатыр. Мектептегі білім беру процесі аясында, студенттерге ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистрлары мен докторлары, аға оқытушылары, мемлекеттік қызметтің тәжірибелі мамандары және өңіріміздің беделді тұлғалары дәріс оқыды.Мектеп қабырғасында студенттер мемлекеттік қызметтің қыр-сырымен танысып, қызметтік әдепті бойларына сіңіріп, тәжірибелік дағдыларын иеленіп, жоғарғы оқу орындарында алған білімдерін мемлекеттік органдарда тәжірибе барысында шыңдады.

Быыл мектептің VII маусымына іріктеу жұмыстары жүргізілуде. Жаңа маусымға қатысуға ниет білдірген 44 үміткерден құжат келіп түсті. Қазіргі уақытта мектепке түсем деген жастар екі ке-

зеңнен тұратын іріктеуден өтуде. Бірінші кезең - кейс тапсырмасын шешу. Бұл кезеңде үміткердің мемлекеттік қызмет саласы туралы білімін анықтауға бағытталған жазбаша жұмысы бағаланады. Екінші кезең - сарапшылық комиссиямен әңгімелесу. Әңгімелесудің мақсаты үміткердің кәсіби және жеке құзыреттерінің деңгейін, оқуға деген ынтасын, мемлекеттік басқару жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын білу деңгейін айқындау болып табылады. Кәсіби мемлекеттік аппаратты құру жолында заманауи өзгерістер мен жаңарудан қалыс қалмай, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаттарын ұстанған адал, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда —«Мансап» мектебі айрықша рөлге ие болмақ.

М.СҰЛТАНОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
Агенттігінің Ақтөбе облысы
бойынша департаментінің бас маманы.

НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ И В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE ДОСТУПНА НОВАЯ УСЛУГА

Теперь сведения о совершенном коррупционном преступлении можно получить на портале eGov.kz и мобильном приложении eGov mobile. Услуга доступна онлайн и оказывается на бесплатной основе. С помощью новой услуги можно получить сведения о наличии либо отсутствии в совершении коррупционного преступления по требованию: -при поступлении на гражданскую службу; -на работу в субъекты квазигосударственного сектора. Ранее сведения предоставлялись Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК и его территориальными управлениями по личному обращению гражданина через «E-Otinish».

После предоставления сведений решение о принятии на работу принимает работодатель. Согласно трудовому Кодексу РК, не допускается трудоустройство в субъекты квазигос. сектора лиц, совершивших коррупционное преступление.

Отметим, данные обновления реализованы в рамках Указа о дебиюрократизации Президента РК, важным значением которого является цифровая

трансформация и системный реинжиниринг всех сфер государственного управления. «В наши дни все необходимые справки хочется получать онлайн, не посещая сами учреждения и не тратить на это много времени. Мы упростили процесс получения услуги и теперь будущие госслужащие, и работники квазигосударственных компаний могут получать сведения о совершении коррупционных преступлений быстро и онлайн. К тому же, данная услуга пользуется спросом у граждан, такс момента запуска услуги уже более 98 тысяч человек получили свои сведения»,- отметил Председатель Правления АО Национальные информационные технологии Ростислав Коняшкин. Для получения новой услуги на портале eGov.kz пользователям необходимо:

- авторизоваться на портале egov.kz;
- на главной странице выбрать раздел «Гражданам»
- «Трудоустройство и занятость» - «Трудоустройство и поиск работы»;
- выбрать услугу «Выдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления» и перейти по кнопке «За-

казать услугу онлайн»;

- инициировать заказ услуги онлайн;
- подписать и получить услугу с помощью ЭЦП.

Срок оказания услуги: -10 минут;

- в случае необходимости дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней;
- в случае проведения дополнительной проверки, в течение 3 рабочих дней направляется промежуточный ответ о необходимости подачи повторного обращения по истечению 20 рабочих дней с момента получения услугода-телем запроса. Результатом оказания услуги является Уведомление со сведениями о наличии либо отсутствии уголовного дела, возбужденного по коррупционным статьям, по которому не принято окончательное процессуальное решение, в личном кабинете в разделе «История услуг». Вместе с тем, аналогичная услуга доступна в мобильном приложении eGov mobile в разделе «Трудоустройство и занятость». Сведения направляются в раздел Уведомления на eGov mobile.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАЧ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫК!

Адам өміріне, қоршаған ортаға орасан шығын әкелетін өрт оқиғасы деп айтылып, жазылғанымен әліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Сондықтан, осы кезде өрт қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ең басты мақсат -адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау. Өрт – тілсіз жау. Ол адамдарға қасірет әкеліп, материалдық шығындарға ұшыратады. Сондықтан да өрттен сақтану мәселесін әрқыз үлкен жауапкершілікпен және сергектікпен қарамаса ол олық жегізеді.

Мысалы, 2022 жылдың өткен кезеңінде тұрғын үй секторында 14 өрт оқиғасы тіркелді, ал 2021 жылдың осы кезеңінде 12 жағдай тіркелген еді. Яғни, 14,2 % өсіп отыр.

Өрттердің пайда болуына себеп болған негізгі себептердің 7-еуі тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығы болса, 4-еуі тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы болып отыр. Екі жағдай автокөлік құралдарында сымдардың қысқа тұйықталуы болса, 1 оқиға балалардың отпен

ойнауынан орын алды. Яғни, өрттің пайда болу себебінің басым бөлігі адам фактордан, яғни, тұрғындармен от қолдану кезіндегі абайсыздығы және электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы.

Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қонақтарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, ажыратқыштары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылады.
2. Сымдар мен кабельдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.
3. Тұрғын үйлердің пәтерлері мен жатақханалардың тұрғын бөлме-

лерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын өртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайларын орнатуға жол берілмейді.

4. Пәтерлер мен тұрғын бөлмелерінде төсекте темекі шегуге және плитада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.
5. Қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына және уаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді.

Көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын орналастыруға жол берілмейді.

6. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан ең кемі 50 метр қашықтықта жүзеге асырылуы тиіс.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефонны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1684
Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ЕҢБЕГІ ЕЛДІҢ МЕРЕЙІ

БІЗДІҢ БУЫН ЗАМАНАЛАР АУЫСУЫ КЕЗЕҢІНДЕ ӨМІР СҮРДІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ КСРО ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН СОЦИАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫС ЗАМАНЫНДА ӨМІРГЕ КЕЛДІК, ЕР ЖЕТ-ТІК. ЕСЕЙІП, АЗАМАТ БОЛҒАН ШАҒЫМЫЗДА ЕЛІМІЗ ТӨУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛДЫ.



Біздің ұрпақ біріне-бірі мүлде ұқсамайтын екі әлеуметтік-экономикалық формациялардың куәгері болды. Сөз жоқ әр қайсымызға қоршаған қоғамдық болмыс өз әсерін тигізді. Өмір сүру барысында санамыз бен дүниетанымымызда түбегейлі өзгерістер болып өтті. КСРО-ның күйреуінен болған дағдарыстық ахуалы, тәуелсіз Қазақстанның өмірге келіп қалыптасуы үдерісіндегі барша қиыншылықтардың куәсі болдық. Тәуелсіздіктің тауқыметті жо-

лымен жүрудің ел халқына түскен сын екендігін сезіндік. Бірақ, жас буын уақыттың талабына тез бейімделді. Солардың бірі – Ойылдың еліміздің тәуелсіздік алған жылдарғы тоқырау кезеңінің ыстығы мен суығын бірге көрген замандасымыз Исатай Берғалиев. Исатайдың қоғамдық өзгерістерге алғашқы болып ұмтылуы – осы сөзіміздің дәлелі болса керек. Өйткені, оның мамандығы да сол экономист-менеджер. 21 жасында-ақ ешкімге жалтақтамай, «тәуекелдің жел қайығымен» шаруа қожалығын ашып, өзінің кәсібін жүргізді. Ісімен үлгі болып, достарына үнемі қарайласуды, көмектесуді өзінің міндеті деп білетін жігіттің жақсылығы елдің аузынан түскен емес. Жасынан белсенді ол қоғамның ортақ мәселелеріне де бейжай қарамайды. «Ел мақтаған жігіттің» еңбектегі еншісінен тыс туған жерін түлетуге қосқан үлесі де ұшан-теңіз. Үнемі ізденіс үстінде жүретін жігіттің «жалақы алмайтын» қоғамдық негіздегі жұмысы көп. Шаруалардың мәселелерін талай биік мінбеден байсалды, сауатты жеткізе

білгеніне куә болдық. Аудандық мәслихаттың депутаттығына Бірақ, жас буын уақыттың талабына тез бейімделді. Солардың бірі – Ойылдың еліміздің тәуелсіздік алған жылдарғы тоқырау кезеңінің ыстығы мен суығын бірге көрген замандасымыз Исатай Берғалиев. Исатайдың қоғамдық өзгерістерге алғашқы болып ұмтылуы – осы сөзіміздің дәлелі болса керек. Өйткені, оның мамандығы да сол экономист-менеджер. 21 жасында-ақ ешкімге жалтақтамай, «тәуекелдің жел қайығымен» шаруа қожалығын ашып, өзінің кәсібін жүргізді. Ісімен үлгі болып, достарына үнемі қарайласуды, көмектесуді өзінің міндеті деп білетін жігіттің жақсылығы елдің аузынан түскен емес. Жасынан белсенді ол қоғамның ортақ мәселелеріне де бейжай қарамайды. «Ел мақтаған жігіттің» еңбектегі еншісінен тыс туған жерін түлетуге қосқан үлесі де ұшан-теңіз. Үнемі ізденіс үстінде жүретін жігіттің «жалақы алмайтын» қоғамдық негіздегі жұмысы көп. Шаруалардың мәселелерін талай биік мінбеден байсалды, сауатты жеткізе

С.ХАМЗИН,
Ойыл селпосы.

«ҰЛТ ҰСТАЗЫ — АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ



Жуырда Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның мәжіліс залында қазақ халқының мақтанышы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» атты танымдық мәдени шарасы қазақ әдебиетінің мұғалімдері мен 9-10сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Шара барысында Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, ұстаздық қызмет ке-

зеңдері, Алаш Орда үкіметі, жарық көрген еңбектері, басынан өткізген қиын тағдыры, шығармашылығы, 24 таңбадан тұратын өзі "қазақ жазуы" деп, өзгелер "Байтұрсынов жазуы" деп атаған қазақтың ұлттық графикасы және артында қалған мұрасы мен ұрпағы жайында тақырыптық көрме жасақталып, бейнебаяндар көрсетілді. Ахметтің түрколог-ғалым ретіндегі еңбектерін қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінің мұғалімі Нұргүл Сапарова мен Айдана Аманжолова әңгімелесе, ұлт қамын, арын ойлаған Ахметтің тағдыры туралы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгерім Масабаява түсіндірді.

Дулат ИСАБАЕВ,
Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

ЛАТЫН ӘЛІПБЫ — ӨРКЕНИЕТ ЛЕГІНЕ ЕРУ



Латын әліпбиіне көшу - тек жазу таңбасын ауыстыру ғана емес, барлық адамның ой-санасын өзгертеді. Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін өкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақты анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбыстық жүйесін кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздер-

ден арыламыз. Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілі жоғалмайды. Сондықтан шошудың қажеті жоқ. Өз басым латын әліпбиіне өлдеқашан, сонау тәуелсіздік алған жылдары көшу керек еді деп ойлаймын. Ертерек қолданысқа енгізгенде өріптері ұқсас ағылшын секілді шет тілдерін үйрену, латын әліпбиін пайдаланатын түркітілдес халықтармен қарым-қатынасымыз жеңілдей түсер еді. «Игіліктің ерте-кеші жоқ». «Көз-қорқақ, қол-батыр», - деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбаанып нақты нық қадаммен алға басайық! Көптеген

ғалымдардың пікірін ескеретін болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Өйткені, латын әліпбиіне көшу дегеніміз – тіл ауыспай, таңбаны ғана ағымдағы деп түсінемін. Расында да, латын әліпбиіне көшу тілімізге енген кірме сөздерден, өріптерден, халықты меңгүрттендіру үшін отарлау саясатын жүргізу барысындағы тәуелділіктен арылудың бірден-бір жолы. Бұл ретте елді өркениетке жеткізу жолында «Кеңесіп пішкен тон, келте болмас» деген сөзді еске ала отырып, барша ел болып жұмылып, ұлттық бірлікті сақтай отырып, діндеген мақсатқа сенімді қадам басу керек деп ойлаймын. Тәуелсіз елде, кең – байтақ жерде өз Отанын мекен етіп, ана тілінде сөйлеп, дінін, ділін сақтап отырған ұйыған ұлтымыз жаңа әліпбимен жаңа белестерді бағындырады деген сенімдерім.

Інжу ДОСБАЕВА,
Ойыл аграрлық колледжінің шет тілі пәні оқытушысы.

ЭХИНОКОКК АДАМҒА ҚАУІПТІ

Эхинококк – таспа құрттың бір түрі. Денесі 3-4 буыннан тұрады, ұзындығы 2-6 мм. Эхинококк – іші сұйыққа толы, сырты қабықты көпіршікті дене. Эхинококк иттің ішегінде өмір сүреді. Жұмыртқалары нәжіспен бөлініп суды, топырақты және иттің жүнін ластайды. Жұмыртқалары қоршаған ортада өмір сүруге төзімді. Сумен, тамақпен ауылшаруашылығы жануарларының ішегіне түседі. Содан барып бауырға және өкпесіне енеді. Малдың ауру жұқтырған мүшесін итке берген уақытта жұғады. Адамдар құрттың жұмыртқаларын сумен, тамақпен және лас қол арқылы жұқтырады. Мал аулада жатқан иттен бөлінген жұмыртқалар малдың жүніне түсіп,

одан барып малдың жүнін қыру кезінде, сиыр сауғанда адамның қолына түседі. Эхинококк қоздырғыштары адамның кез келген мүшесін зақымдауы мүмкін, әсіресе бауыр мен өкпе зардап шегеді, сөйтіп эхинококкоз ауруы пайда болады. Эхинококкоз қоздырғышы барлық іш құрылысқа жайылып және одан әрі асқинуы мүмкін. Адам эхинококкозбен ауырғанда әр түрлі белгілер байқалады. Мысалы, бауырды зақымдаса, адамның оң жақ бүйірі ауырып, өлсіздік, эхинококк өкпеге түссе, адам еңгігіп, жөтеледі, түкірігінде қан пайда болады. Ауруды ауруханада емдейді. Ауру клиникалық, рентгенологиялық және зертханалық жолмен анықталады.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

СКРИНИНГ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ НЕЛІКТЕН ОНЫ УАҚЫТЫНДА ӨТУ КЕРЕК?



Скрининг – бұл белгілі бір жастағы сау адамдарды алдын-ала медициналық тексеруден өткізу, қауіп факторлары мен ауруларын ерте сатысында анықтау. Скринингтік тексерулер ауруды ерте сатысында немесе оған бейімділікті анықтауға, оңтайлы емдеу әдісін таңдауға және алдын-алу шараларының кешенін тағайындауға көмектеседі.

Кімдер скринингтен өтуі керек?

Скринингтік тексерулер нақты ауруларға және белгілі бір жас топтарына жүргізіледі. Скрининг 2 жас санаттары бойынша өткізіледі:

1. **18 жасқа** дейінгі балалар. Балалар жыл сайын кемелет жасқаоталғанша профилактикалық тексеруден өтеді. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілерін, мектеп оқушыларын, арнаулы оқу орындарының студенттері мен 18 жасқа дейінгі студенттерін білім беру ұйымдарында жылжымалы топ барып өткізеді. Мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балаларды тексеру жұмыстары емханада немесе отбасылық денсаулық орталығында жүргізіледі.
2. **30 бен 70 жас** аралығындағы ересектер. Сіздің денсаулығыңызға сенімді болу үшін, ешқандай белгілері жоқ, медициналық тексерісті қажет етпесе де, міндетті түрде жүргізіледі.

Скринингтік тексерістер тегін өткізіледі. Профилактикалық тексерулерді қаржыландыру міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің есебінен жүзеге асырылады, сондықтан скринингтен өту үшін сақтандыру мәртебесі болуы тиіс.

Скринингтен өту үшін тұрғылықты жері немесе тіркелген жері бойынша емханаға халықаралық тексеру жұмыстары кабинеттері жұмыс жасайды. Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы тиіс. Белгіленген скринингтік сынақтардан өткен кезде қызметкерге орташа жалақысына сәйкес ақы төлей отырып, 3 күнге дейінгі әлеуметтік демалыс беріледі.

Ересектерде скрининг қандай ауруларды анықтау үшін жүргізіледі? Ересек тұрғындарды скринингтік тексерулер ауруды ерте анықтауға және алдын алуға бағытталған:

- қан айналымы жүйесінің негізгі аурулары - артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы;
- ерлер мен әйелдер арасындағы қант диабеті;
- әйелдер арасындағы жатыр мойнының қатерлі ісігі,
- әйелдер арасындағы сүт безінің ісік алды және қатерлі ісіктері;
- ерлермен әйелдер арасындағы глаукома;
- ерлер мен әйелдер арасындағы ісік алды және қатерлі ісіктері
- өнештің, асқазанның, бауырдың және простата безінің қатерлі ісіктері;

Ауруға тәуекел тобындағы адамдарға созылмалы В және С гепатиттеріне тексерістер жүргізу. Ересектер қай жастан бастап тексеріледі? 1. 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64 жастағы ерлер мен әйелдер бұрын соңды диспансерлік бақылауда болмаған қан айналымы жүйесі ауруларын (артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы) және қант диабетін ерте анықтау үшін тексеріледі.

2. Глаукоманы ерте анықтау үшін диспансерлік есепте тұрмаған 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы ерлер мен әйелдер тексерілуі тиіс. 3. Емшектегі ісік алды және қатерлі ісік ауруларын ерте анықтауға сүт безі қатерлі ісігі диспансерінде есепте тұрмаған 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы әйелдер қатысуы керек; 4. Жатыр мойны обырын ерте анықтау үшін 30, 34, 38, 42, 46, 50, 54, 58, 62, 66, 70 жасында жатыр мойны қатерлі ісігіне тіркелмеген 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы ерлер мен әйелдер тексеріледі. 5. Ішек пен тік ішектің ісік алды және қатерлі ісік ауруларын ерте анықтау үшін, бұрын полипозға, ішек пен тік ішектің қатерлі ісігіне тіркелмеген 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы ерлер мен әйелдер тексеріледі. 6. Созылмалы В және С гепатиттерін ерте анықтау үшін қан аурулары, қатерлі ісік аурулары бар, гемодиализде жүрген, бұрын хирургиялық ота жасалғандар, қан мен оның компоненттерін құйылған адамдар тексеріледі.

Тексеру процедурасы Науқас скринингтік тексеруден өткен кезде, тамақтану, зиянды әдеттердің болуы, физикалық белсенділік деңгейі, тұқым қуалайтын аурулар және т.б. туралы сұрақтарға жауап береді.

Эхинококкоздың емі - хирургиялық операция қазіргі кезде эхинококктың бірден-бір емі. Оның ашық, жартылай жабық және жабық түрлерін ажыратады, сонымен қатар эхинококкты кистасы бар ағзаны алып тастайды немесе оның резекциясын алып жасайды.

Эхинококкоздың алдын алу бірінші кезекте қаңғыбас және иесіз иттермен күрес жүргізу және міндетті түрде жылына 2-3 рет иттерге құрттарға қарсы дәрілеу жүргізілуі қажет. Сонымен қатар итпен ойнамау, бетін жалатпау. Тағамға жуылмаған көкөніс, жемістерді қолданбау, өзен суларын жұтпау, ашық су айдынынан және шалшық суды ішпеу қажет екенін ескертеміз.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Науқастың бойы мен салмағы өлшенеді, Кетле индексі анықталады, экспресс әдісімен қандағы холестерин мен қанттың деңгейі анықталады, қан қысымы мен көзішілік қысымы өлшенеді. Әрі қарай, қажет болған жағдайда дәрігер қосымша тексеруге немесе бейінді мамандардан кеңес алуға жолдама тағайындайды. Пациент мінез-құлық факторларын, гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабеті мен глаукоманы ерте анықтау бойынша скринингтік тексерістен өткеннен кейін, өзінің жас ерекшелігіне қарай, онкопатологияға тексеріледі. Мысалы, қарау бөлмесінде 30-дан 70 жасқа дейінгі әйелдерден онкоцитологияға жұғынды алынады, 40-тан 70 жасқа дейінгі әйелдер сүт безі қатерлі ісігін ерте анықтау үшін маммографиядан өтеді, ал 50-70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер жасырын қанға ішектің қатерлі ісігін ерте анықтау үшін нәжіс тапсырады.

Скринингтік тексеріп қарау кезінде анықталған созылмалы аурулары бар адамдар созылмалы аурулардың тізбесі бойынша есепке алынып, динамикалық бақылауда болады, содан кейін денсаулықты қалпына келтіруге, жақсартуға және нығайтуға бағытталған терапиялық және профилактикалық шаралар кешені жүргізіледі. Егер науқаста жедел аурулар анықталса, қосымша тексерістерден өтіп, емдеу шаралары жүргізіледі.

Содан кейін толық қалпына келгенге дейін денсаулық жағдайы бақылауға алынады. ҚР денсаулық министрлігінің № ҚР ДСМ- 65 05.07.2022 бұйрығына сәйкес, ауыл халқының ішінен скринингтік зерттеулерден өтуі тиіс адамдардың нысаналы тобы кеңейтілді:

- скринингтік зерттеулерден өтетін 18 жастан 29 жасқа аралығындағы ерлер мен әйелдер;
- артериялық гипертониямен, жүректің ишемиялық ауруымен және қант диабетімен, глаукомамен динамикалық бақылауда тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін 18-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер;
- асқазан-ішек жолы ауруларымен және созылмалы бүйрек ауруларымен динамикалық бақылауда тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін 18-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер;
- тыныс алу мүшелерінің туберкулезімен динамикалық бақылауда тұрмайтын скринингтік зерттеулерден өтетін 50-ден 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер;
- скринингтік зерттеулерден өтетін, қуықасты безі обырымен динамикалық бақылауда тұрмайтын 55 –тен 70 жасқа дейін және одан да үлкен ересек.

Сондай-ақ, 18 жасқа дейінгі балаларды профилактикалық тексеруді ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында ағымдағы жылы 1, 3, 6 және 14 жас аралығындағы балаларға назар аударатын, зертханалық зерттеулердің қосымша әдістерін енгізе отырып, профилактикалық тексеру пакеттерін кеңейту жоспарлануда.

Анықтама үшін: көрсетілген жас санаттарында қосымша жалпы клиникалық зертханалық талдаулар (ОАК, ОАМ) енгізілетін болады.

Айгүл МАЙЛЫБАЕВА,
Сауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.